Иманы кемел - ел мықты

ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМ - ҒАСЫР ІНДЕТІ

Адамзаттың рухани, мәдени, саяси-әлеуметтік және экономикалық жағдайына әсер етіп отырған діни экстремизм мен терроризм ұғымдары XXI ғ. ең өзекті мәселелерінің біріне һәм бірегейіне айналды. Қазіргі кезде діни ланкестік бір ғана аймаққа не мемлекетке тән құбылыс емес, бүкіл әлемдік дәрежедегі проблемаға айналған жайы бар.

Ғаламдық дәрежеде ланкестікке апаратын экстремизмнің алуан түрлері белең алып, жалғаса түсуде. Әртүрлі ұйымдар осыны пайдалану арқылы саясиэкономикалық мәселелерді шешуге тырысуда. Бүкіл әлемде орын алып отырған діни ситуацияны пайдаланып экстремизм мен терроршылдықтың саяси-әлеуметтік негіздерін зерделеу аса өзекті мәселе.

Конституциямызда: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы және құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» және «Адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық тәртіпке нұқсан келтірмеуге тиіс» деп көрсетілген.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет ретінде өз азаматтарының заң жүзінде діни сеніміне бостандық береді, алайда ол сенім заң бұзушылыққа, ел арасына бүлік салуға апармауы керек.

Дегенмен, бұл заң бұзушылықтардың орын алып отырғанын байқауымызға әбден болады. Сонымен қатар, ланкестердің еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіруімен қоймай, ұрлау, кепілге алу, мемлекеттік мекемелерде және қоғамдық жерлерде жарылыстарды ұйымдастыру, қару-жарақ дүкендеріне шабуыл жасау және тағы басқа іс-әрекеттері өршу үстінде. Бұл проблемалардың алдын алу жолында Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Антитеррорлық комитет және жергілікті әкімшіліктердің жұмыстарын бағалап кеткеніміз жөн.

Бүгінде ланкестік және экстремистік мәселелер адамның қай мемлекетте тұратынына қарамастан, оның алыс немесе жақын туыстары және достарының зардап шегуіне үлкен ықпалын тигізіп отыр. Экстремизм мен терроризмнің көріністері кез келген түрде біздің заманымыздың ең қауіпті мәселелерінің біріне айналып, жеке ұжымдық зорлық-зомбылықтың экстремалды нысанын туындатуда.

Сондықтан ланкестік пен экстремизмге қарсы тұру мәселесі мемлекеттік деңгейде қауіпсіздікті қамтамасыз етудің аса маңызды міндеттерінің бірі.

Ланкестік әрекеттер қорқыныш және үрейдің, көптеген көз жастың төгілуін тудыратыны мәлім. Экстремизм және терроризм мәселесі, әсіресе, ланкестік әрекеттердің ауқымы, тек жеке мемлекетте ғана емес, ғаламдық мәнге ие бола отырып, әлемдік қоғамдастыққа қауіп төндіретіні анық.

«Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының N 416-I Заңында «Күш қолдану идеологиясы және халықты үрейлендіруге байланысты және жеке адамға, қоғам мен мемлекетке залал келтіруге бағытталған күш қолдану және (немесе) өзге де қылмыстық әрекеттерді жасау не жасаймын деп қорқыту жолымен мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының немесе халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына әсер ету практикасы терроризм» екендігі туралы анықтама берілген.

Экстремизмнің түрі, бағыты бірнеше. Олардың негізгілері ретінде ұлттық, саяси және діни мақсатты көздейтін жымысқы әрекеттерді атауға болады. Ұлттық экстремизм деп өз ұлтын «сақтау», оның мәдени, экономикалық құндылықтарын «қорғау» сылтауымен өзгелердің құндылықтарына зиян тигізу, қауіп төндіру әрекеті танылады. Ал саяси экстремизм ретінде қоғамдық заңдылықтар негізінде қалыптасқан жүйені күшпен алмастыруды көздейтін әрекеттер саналады. Әлемде, оның ішінде Қазақстанда кең таралған және көп айтылатын діни экстремизм түріне діни қағидалар аясында өзге дін немесе сенім өкілдеріне, сондай-ақ, дінге сенбеуші азаматтарға өз сенімін күшпен тықпалау немесе соған сәйкес әрекеттерге бару іс-қимылы жатады.

Терроризмнің де бірнеше түрі бар. Оның ішінде этникалық терроризм адамның ұлтына, этникалық түріне қарсы жасалған қылмыс түрі. Мұны кейде нәсілшілдік пиғылының нәтижесі деп те атап жатады. Этникалық терроризмге күрдтердің Түркиядағы, шешен содырларының Ресей аймағындағы бірнеше терорлық актілері т.б. мысал бола алады. Діни терроризмге діни идеологияның ықпалымен өзге дін өкілдеріне немесе мемлекеттік құрылымдық жүйелерге қарсы радикалды іс-қимыл түрі жатады. Бұған Қазақстанда да орын алған бірнеше радикалды топтардың құқық қорғау органдарымен арада болған қарулы қақтығыстарын мысал ретінде атап көрсетуге болады. Діни терроризм түріне діни канондарды бұрмалау арқылы адамдарды радикалдандыру және осы әрекетпен жұрт арасында дүрбелең туғызу, жазықсыз жандардың жанын қию әрекеттері жатады. Терроризмнің сондай-ақ, криминалдық және идеологиялық түрлері де бар.

Ауданның ішкі саясат бөлімі.

Сақтық шаралары

ТҰРМЫСТЫҚ ГАЗДЫ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК !

Абонент пәтерішілік газ жабдығының тиісті техникалық жайкүйін қамтамасыз етуге міндетті. Құрметті газ тұтынушылары! Жақындарыңыздың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қамқорлық жасаңыз-газ жабдықтарына уақытылы қызмет көрсетуді және жөндеуді қамтамасыз етіңіз.

Тұрмыстық газды пайдаланатын халық міндетті: Газ аспаптарының, түтін мұржаларының және желдетудің қалыпты жұмысын қадағалаңыз, газ аспаптары қосылғанға дейін және жұмыс істеп тұрған кезде газдың жану өнімдерін мұржаға бұрып, тартуды тексеріңіз. Мұржаның “қалтасын” мезгіл-мезгіл тазалаңыз. Газды пайдалану аяқталғаннан кейін газ аспаптарындағы және олардың алдындағы крандарды жабыңыз. Пәтер үй-жайында газ иісі пайда болған кезде газ аспаптарын пайдалануды дереу тоқтатыңыз, аспаптар мен аспаптарға арналған крандарды жабыңыз, үй-жайды желдету үшін терезелерді ашыңыз (газдалған үй-жайдан тыс). От жағуға, темекі шекпеуге, электр жарығы мен электр құрылғыларын қосуға немесе өшіруге, электр қоңырауларын қолдануға болмайды. Газ құбырлары мен газ жабдықтарын тексеру және жөндеу үшін Төтенше жағдайлар және жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлерін тәуліктің кез келген уақытында қызметтік куәліктерін көрсетуі бойынша пәтеріне жіберуге міндетті.

ЕГЕР СІЗ ГАЗДЫҢ ИІСІН СЕЗСЕҢІЗ: Пәтерде: газ құбырындағы клапанды жабыңыз, терезелерді дереу ашыңыз, шамдарды немесе тұрмыстық техниканы қоспаңыз-ұшқын жарылыс тудыруы мүмкін. Төтенше жағдайлар немесе әкімдік қызметкерлерін шақырыңыз.

Есіңізде болсын! Газ жабдықтары жақсы желдетілетін және желдетілетін жерде жұмыс істеуі керек! “Газ және газбен жабдықтау туралы” Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы 532-IV Заңының 28 бабына сәйкес қабаты екі қабаттан асатын көп пәтерлі тұрғын үйлерде тұрмыстық баллондарды сұйытылған мұнай газын сақтауға және пайдалануға тыйым салынады.

Шет ауданының ТКШ, ЖК, АЖ және ТИ бөлімі.

Шет ауданы бойынша тракторларға және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерге, олардың тіркемелеріне, соған қоса арнайы жабдық орнатылған тіркемелерге, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдеріне, сондай-ақ, жоғары өтімді арнайы машиналарға

2023 ЖЫЛҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ БАЙҚАУ ЖҮРГІЗУ

Аудан көлеміндегі шаруа құрылымдарының, заңды және жеке тұлғалардың меншігіндегі тракторлар және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдер, ауылшаруашылық, мелиоративтік және жол-құрылыс—машиналары мен механизмдері сондай-ақ, жоғары өтімді арнайы машиналарды (бұдан әрі қарай «МАШИНА») талапқа сай, дұрыс пайдалану - адам өмірінің қауіпсіздігін сақтаудың және қоршаған ортаны қорғаудың маңызды факторы болып саналады. Осы бағытта МАШИНАНЫҢ жайкүйінің сапалы болуын, белгіленген мерзімде тіркеуге алынуын және техникалық байқаудан өткізу шараларын жүргізуді жүзеге асыру-Қазақстан Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі №310 қаулысының негізінде әзірленген, ауылшаруашылығы министрінің 2015 жылдың 06 мамырындағы 4-3/ №421 бұйрығымен бекітілген Стандартқа сәйкес және 30.03.2015 ж. 4-3/ № 267 ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген өзгертулермен толықтырылған ЕРЕЖЕГЕ сәйкес, «Шет аудандық ауылшаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің міндеті болып табылады.

Осы ЕРЕЖЕЛЕР Қазақстан Республикасының барлық аумағында ТЕХНИКАЛАРҒА жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудың бірыңғай тәртібін белгілейді және шаруашылық кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер үшін, олардың ведомстволық бағынушылығына қарамастан, сондай-ақ, басқа да ТЕХНИКАЛАРЫ бар азаматтар үшін міндетті болып табылады.

Техникалық байқауға жылына бір рет заңды және жеке тұлғалардың иелігіндегі және Ауылшаруашылығы бөлімінің мемтехинспекциясында есепте тұрған ТЕХНИКАЛАР жатады. Ал, техникалар қандайда бір негізсіз себептермен техника байқауынан өтпеген жағдайда машинаның нөмір белгісі алынып, қолдануға тыйым салынады да, жаңадан техника байқау мерзімі белгіленеді. Машина иелері тарапынан ЕРЕЖЕ нормаларынан қасақана жалтару фактілері қайталанса, жауапты адамдар Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің тиісті белгіленген баптары бойынша әкімшілік жазаға тартылады.

Мемлекеттік техника байқауына ұсынылатын құжаттар:

Заңды тұлғалар үшін:

1.Маркасы және моделі, шыққан жылы, машинаның және двигательдің зауыттық нөмірі, мемлекеттік нөмір белгісі көрсетілген, баланста тұрған машиналардың тізімі,

2.Машиналардың тіркеу құжаттары және көшірмелері

3.Мемлекеттік техника байқауының актісі - екі дана. (мекеменің мөрімен бекітілген).

4.Ережедегі және Стандарттағы №1 қосымшаға сәйкес өтініш.

Жеке тұлғалар үшін:

1.Жеке басын куәландыратын құжат;

2.Машинаның тіркеу құжаттары және көшірмелері.

3.Ережедегі және Стандарттағы №1 қосымшаға сәйкес өтініш.

«ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ШЕТ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ ММ-НІҢ » МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКА БАҚЫЛАУ ИНЖЕНЕР-ИНСПЕКТОРЫНЫҢ 2023 ЖЫЛЫ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТЕХНИКА БАЙҚАУЫНЫҢ КҮНТІЗБЕ ІС-КЕСТЕСІ

№	Ауыл округтері	тракторлар,трактор тіркемелері, мелиоративтік, жол құрылыс машиналары			тракторлар		
		наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	шілде
1	Ақшоқы		5				
2	Талды		5		8		
3	Нұраталды		6		8		
4	Кр. Поляна		7		9		
5	Ақой		12		13		
6	Батық		12		13		
7	Ақсу-Аюлы			11,12			
8	Шет		13				
9	Бұрма		14		14		
10	Өспен		18		15		
11	Көктіңкөлі		19		15		
12	Ортау		20				
13	Қызылтау		20				
14	Тағылы		21				
15	Т. Қайрақты		21				
16	Босаға		24				
17	Ақадыр			18,19			
18	Дәрия		7		20		
19	С. Сейфуллин		13		20		
20	Мойынты		25				
21	Киікті		25				
22	Ақжал		26				
23	Ақшатау		27				
24	Кеншоқы		28				
25	Жамбыл						

Ескерту: Ауа райына, жол жүру қолайсыздығына және басқа да себептерге байланысты техникалық байқау күндері өзгеруі мүмкін. Ол туралы ақпаратты жергілікті әкімдіктер мен Шет ауданының ауыл шаруашылығы бөліміне 8 (71031) 21280 телефонына хабарласуға болады.

Е.РАШИДОВ,
Шет аудандық ауылшаруашылығы бөлімінің бас маманы, мемтехинспекторы-инженері.